

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемесін және жер салығының бірыңғай салық мөлшерлемесін он есеге жоғарылату туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 317 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 мамырда № 5619 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 410 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 19.01.2016 № 410 шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387-бабы 1-1-тармағына, 444 бабы 1-тармағына сәйкес Жітіқара аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемесі он есеге жоғарылатылсын.

2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының бірыңғай салық мөлшерлемесі он есеге жоғарылатылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессияның төрағасы
Жітіқара аудандық
мәслихатының хатшысы*

А. Испергенов

М. Кененбаева